

**ЖШС «Алтын Самұрық» бөбекжай балабақшасы филиялы  
«Қамқоршылық кеңес» отырысының**

**ХАТТАМАСЫ №2**

Өтілген күні: 13.01.2026 ж.

Қатысқандар : қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау.
2. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.

**Тыңдалды: 1-мәселе:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Х.Арипжанова сөз алды. Медбике балабақшадағы тамақтануды ұйымдастырудың жай-күйі туралы баяндады. Ол атап өтті: Ас мәзірі апталық және айлық жоспарға сәйкес құрастырылған, дәрумендер мен микроэлементтер бойынша теңгерім сақталады.

Тағам сапасын бақылау күнделікті жүргізіледі: температура режимі, тағамның сыртқы түрі, иісі, сақтау мерзімі тексеріледі.

Ас блогында санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң сақталады: жылдық тазалау кестесі бар, жабдықтар мен ыдыстарды дезинфекциялау жүйелі түрде жүргізіледі.

Балаларға арналған тағамдар арнайы аспаздармен дайындалады, тамақтану режимі жас ерекшелігіне сай, уақытында өткізіледі.

Тексеру барысында балалардың тамақтану сапасы талаптарға сай анықталды. Тамақ өнімдерінің сапасы, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру шарттары белгіленген, талаптарға сәйкес келеді. Күнделікті мәзірдің перспективалық мәзірге сәйкес. Тамақтану арасындағы аралық және топтар бойынша тамақтану кестесі сақталған. Қоймада тамақ пен байланысты емес тауарлар сақталмайды. Тоңазытқыш жабдықтарының термометрлерінің таңбалары бар, санитарлық талапқа сай. Тоңазытқышта тыйым салынған тағамдар мен өнімдер жок.

**Тыңдалды: 2-мәселе:**

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Х.Арипжанова. балабақшада науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады:

Күн сайын таңертеңгі сүзгі жүргізіледі: дене қызуы өлшенеді, жалпы жағдайы тексеріледі. Ауру белгілері бар балалар уақытша оқшауланып, ата-анасына хабарланады. Санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң сақталады: топ бөлмелері күн сайын желдетіледі, ылғалды тазалау жүргізіледі, ойыншықтар дезинфекцияланады, тосек жабдықтары уақытылы ауыстырылады.

Дене шынықтыру және сауықтыру шаралары жүргізіледі: таңертеңгі жаттығулар, Жұқпалы аурулар анықталған жағдайда карантиндік шаралар енгізіледі, байланыста болған балалар бақылауға алынады.

Ата-аналарға аурулардың алдын алу және балаларды шынықтыру жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді:**

Рашидова М: Балаларға ұсынылатын тамақ мәзірі әртүрлі және дәрумендерге бай. Тағамның сапасы мен дәмі жақсы. Асхананың тазалығы сақталған. Балалар арасында инфекциялық аурулардың алдын алу үшін қажетті санитарлық-гигиеналық шаралар күнделікті жүргізіледі. Қол жуу, бөлме желдету және ойын алаңдарын дезинфекциялау қатаң бақыланады

«Балалардың тамақтану тәртібі ұйымдастырылған, тәрбиешілер балалардың жеке тамаққа деген талғамына көңіл бөледі. Жыл сайынғы тағам сапасын тексерулердің нәтижелері жақсы.»

Кожамуратова З: «Сауықтыру шаралары тиімді: гимнастикалық жаттығулар, таза ауада серуендеу, витаминдік қабылдаулар. Балалар арасында науқастануды алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізіледі, тәрбиешілер профилактикалық жұмыстарға белсенді қатысады. Балаларға арналған профилактикалық іс-шаралардың жоспары нақты бекітілген.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:**

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау қанағаттанарлық деп бағаланып, медбике тарапынан тұрақты бақылау жұмыстары жалғасын тапсын.
2. Балабақшада балабақшада науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар қанағаттанарлық деп бағалансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



Кожамуратова З

Хатшы:



Жүрсін Н